

Олег КУЗНЕЦОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, профессор
Ресей, Мәскеу

ҚАРАБАҚ: СОҒЫС ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК

2020 жылдың 10-шы қарашасында Тәуелсіз Әзербайжан мемлекеттілігінің жаңа тарихына отан соғысы ретінде енген армян-әзербайжан соғысы аяқталды.

Армения 1988-1994 жылдары Таулы Қарабақтың Әзербайжан аумағын және оған іргелес жатқан Әзербайжанның жеті әкімшілік ауданын басып алды. Аталған аймақтарды

«қауіпсіз буферлік аймақ» ретінде жариялап, ешқандай да экономикалық қызмет жүргізбеді. Туып өскен мекендерінен 1,2 миллион этникалық әзербайжан қуылды (Армениядан - 500 мың, оккупацияланған аумақтардан – 700 мың). Бұл аудандардың барлық өндірістік-шаруашылық және әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымдары мақсатты түрде жойылды.



Әзербайжан армиясының артиллеристері Қарабақта армян бекіністерін атқылауда

Әзербайжанның реактивті артиллериялық күштері дұшпан шебіне соққы жасауда



Мүліктері Арменияға, Грузияға және Иранға сатылды, өнеркәсіптік жабдықтар бөлшектеліп, металл сынықтары ретінде сатылды, кірпіштен немесе тастан салынған барлық ғимараттар мен құрылыс орындары құрылыс материалдарына айналдырылып көбінесе Иранға сатылды. Армян оккупациясы арқылы Әзербайжан халқына келтірілген материалдық шығын ондаған миллиард долларды құрады.

Армяндар тарапынан қудалауға тек әзербайжандар ғана ұшыраған жоқ. Этникалық әзербайжандармен қатар орыстар, еврейлер, украиндар, месхеттік түріктері де өз үйлерінен қуылды. Басып алынған аймақтарға өз заттарын әкеле алмаған басқыншылар армяндық емес барлық орындарды жоюға тырысты. Қарабақтағы 67 мұсылман мешітінің 63 – і қиратылды, ал қалған төртеуі қатты зақым көрді. Бұл жағдай православие шіркеуін де шарпып өтті. Ходжавенд ауданындағы Преображения Господня православ храмы оккупация жылдарында толығымен тоналып, кей бөліктері қиратылды.

Армения билігі Әзербайжаннан басып алынған қалалар мен ауылдарды қандай мақсатта қиратты? Қарабақтың айналасындағы «буферлік аймақты» жариялаған армян

оккупациялық билігі оның инфрақұрылымын мақсатты түрде жойды. Өйткені олар бұл қирандыларды көргенде әзербайжандардың қайтып оралуға батылы жетпейді деген ойда болды, Алайда олар бұл мәселеде қатты қателесті. Әзербайжан қайтып келді және өз жерлерін қайтадан қалпына келтіруде.

Әзербайжан 1994 жылдан бастап Таулы Қарабақтағы және оның айналасындағы қарулы қақтығысты тоқтату жөніндегі Бішкек хаттамасына қол қойылғаннан бері Армения басып алған әкімшілік аудандарды өз юрисдикциясына қайтару үшін барлық саяси және дипломатиялық күш-жігерін жұмсады. Әсіресе БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 1993 жылғы 30 сәуірдегі 822 (1993), 1993 жылғы 29 шілдедегі 853 (1993), 14 қазандағы 874 (1993) және 1993 ж. 12 қарашадағы 884 (1993) төрт қарары армян қарулы құрылымдарын аталған аймақтардан шығаруды міндеттеді. Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) халықаралық қоғамдастығы Таулы Қарабақ қақтығысын реттеуге мүдделі болды, ол үшін 1992 жылы ЕҚЫҰ-ның Минск тобы құрылды.

1992 жылдан 2005 жылға дейін ЕҚЫҰ-ның Минск тобы келіссөздерге негіз болатын үш түрлі ұсыныс жасады. Алайда олар екі жақтың

Әзербайжан қарулы күштерінің танкі ұрыс алаңына аттануда



өзара ымыраға келулеріне еш септігін тигізбеді. Нәтижесінде халықаралық бітімгерлердің көмегімен жаулап алынған аумақтарды біртіндеп қайтару арқылы қақтығысты кезең-кезеңімен шешуді көздейтін келісімге келді. Алайда барлық келіссөздер Арменияның әскери-саяси басшылығы тарапынан бұзылды. Аталған

құжаттың соңғы редакциясын тараптарға 2019 жылдың маусымайында ЕҚЫҰ Минск тобының төрағалары берген болатын. Алайда Ереваннан бұл бастамаға өршіл жауап келді: «Жаңа соғыс – жаңа аумақтар» (соғыс жағдайында Армения оңай жеңіске жетеді, содан кейін Әзербайжан жерлерін басып алып аймағын кеңейтеді дегенді білдіреді). 2020 жылдың 27 қыркүйегінде армян әскерлері Әзербайжанның бірқатар елді мекендеріне зымыран-артиллериялардан оқ жаудырды, осы жағдайдан кейін Әзербайжан әскері Қарабақтағы армян армиясының басқыншы корпусының позициясына қарсы шабуылға шықты.

Қарабақтағы армян қарулы күштері тобының толық жеңілісімен аяқталған осы 44 күндік соғысты баяндаудың еш мәні жоқ деген ойдамыз. Тек бір ғана нәрсені айтуға болады: әскери науқанның жоспары Әзербайжан армиясының қолбасшылығы тарапынан мұқият ойластырылды. Соғысқа тартылған күштер мен құралдардың екі мәрте ресурстық қамтамасыз



Әзербайжан армиясының жаяу әскерлері ұрысқа аттануда

Әзербайжанның ұлттық қаһарманы Алберт Агарунов атындағы танк соғыс шебіне аттануда

етілуі Әзербайжан армиясының осы соғысқа жоғары дәрежеде дайындалғанын және ұзақ мерзімді дайындықтар жүргізгендігінің дәлелі саналады. 2008 жылдың желтоқсан айында Президент Илхам Әлиев «Әзербайжанның қақтығысты шешудің әскери жолынан бас тарту туралы міндеттемесін ешкім таба алмайды. Сондықтан саяси реттеулерге үміттеніп отырып, әрдайым кез-келген шараға дайын болуымыз қажет. Бұл жерде әскери жолға орын жоқ және ешқашан болған да емес» деген мәлімдеме жасады. Осыдан кейінгі 12 жыл ішінде ресми Баку халықаралық құқықтың нормалары жеңіске жетеді деп үміттенді. Алайда, армян тарапы Қарабақтағы майдан шебінде де, оның географиялық аумағынан тыс жерлерде де үнемі арандатумен (соңғысы 2020 жылдың шілдесінде Қарабақтан жүз шақырым жерде Товузда болған) болды. Әзербайжанға бейбітшілік пен соғыс арасын таңдауға мүмкіндік қалдырмады, соғысқа жүгінуге мәжбүр етті.

Армениямен соғыста Әзербайжан жолы қиын таулы-орманды жерде соғысудың жаңа

тактикасын көрсетті. Шабуылдаушы әскерлер төбеде ұзақ мерзімді бекіністерде тұрған жауға ұдайы шабуыл жасауға мәжбүр болады. Бұрынғы әскери тактика оқулықтарына сүйенсек, аталған жағдайда шабуылдаушы тарап қорғанушы тарапқа қарағанда адамдар жағынан да, техника жағынан да үш есе көп шығынға ұшырайды. Алайда бұл жолы олай болмады. Сонымен, Әзербайжан армиясының жеке құрамындағы шығындары жаудың шығынынан 20%, техникада – 4 есеге, ауыр шабуыл қаруларында - 6 есеге аз болды. Армения армиясы танктерінің 80%-ын, бронетранспортерлер мен артиллериясының 70%-ын, реактивті артиллерияның 50%-ын, барлық әскери әуе қорғанысын жоғалтты. Мұндай нәтижеге әскерлердің жауынгерлік іс-қимылдарға қатысу парадигмасының түбегейлі өзгерту, қарулы күштердің барлық жүйесін құрылымдық қайта форматтау үшін жаһандық жаңғыртулар жүргізу және жеке құрамды мүлдем жаңа қағидаттар мен ережелер бойынша соғыс жүргізуге қайта үйрету арқылы ғана қол жеткізді. 2013 жылы Әзербайжан билігі өздерінің қарулы

Әзербайжанның танкті күштері майдан шебіне аттануда



күштерін жаңғыртудың 10 жылдық жоспарын жүзеге асыратынын жариялады. Әзербайжан мемлекетінің ең маңызды және басым геостратегиялық міндеті саналатын Қарабақты азат ету соғысына дайындық осы жоспардың мақсаты болды.

Көптеген әскери сарапшылар Әзербайжан армиясының Армениямен соғыстағы жеңісінің үш негізгі факторын атап өтеді. Олар – жеке құрамның тәртібі мен кәсіпқойлығының жоғары деңгейде болуы, жаудан әскери-техникалық жағынан артықшылықтарға

ие болуы, моральдық-психологиялық ынталандырудың жоғары деңгейде болуы. Жоғары қолбасшылықтың алға жылжу қарқыны бойынша берілген бірде-бір бұйрығы бұзылмады, бірде-бір офицер, келісімшарт жасаушы немесе мерзімді қызметтегі сарбаз жауынгерлік тапсырманы орындау кезінде өз еркіне жол бермеді, әрқайсысы жаңа ұрыс тактикасы жағдайында өз маневрлерін білді.

Әуе үстемдігін жаулап алу әскери өнер теориясындағы жаңа сөздердің бірі - ұшқышсыз ұшу аппараттарын (ҰҰА) немесе дрондарды, оның



Әзербайжанның реактивті артиллериясы дұшпанға ойсырата соққы жасап, қорғаныс шебін бұзды

Әзербайжан қарулы күштерінің Бас қолбасшысы Ильхам Әлиев азат етілген аудандарда жеңімпаз әскерлермен кездесуде



ішінде соққы беретін түрлерін қолдану арқылы қол жеткізілді. Әзербайжанның Армениядан әскери-техникалық артықшылығы оның Ресей, Беларусь, Израиль, Франция және басқа да әлемнің көптеген елдерінің жеткізушілерімен қару-жарақ келісімшарттарын жасай отырып, әртүрлі көздерден қарулану мүмкіндігіне ие болуымен байланысты болды. Әзербайжанның Армениядан әскери-техникалық артықшылығы - әскерлерінің майданның көптеген бөліктерінде байланыссыз соғыс жүргізуінде еді. Басқаша айтқанда, армян әскерлерінің позицияларын, басқару және байланыс пункттерін, жабдықтау колонналары мен орналасқан жерлерін ұрыс алаңында тікелей атысқа кіріспестен бұрын жойып жіберіп отырды. Армян армиясы танктері мен жаяу әскерлерінің әскери машиналарының үштен екісін капонирде немесе шеруде жоғалтты. Әзербайжан әскери күштерінің дрондардың көмегімен оқты басқару тактикасын қолдануы, сондай-ақ олардың оқ-дәрілері мен жақсы ұйымдастырылған материалдық-техникалық

қамтамасыз ету жүйесінің болуы маңызды болды.

Ұрыс алаңындағы жетістіктер сол кездің өзінде жоғары деңгейде болған моральдық-психологиялық рухты және Әзербайжан әскерінің туған жерлерін босатуға деген ынтасын одан сайын арттыра түсті. Оның көрінісінің шарықтау шегін 2020 жылдың 6-8 қазанындағы Шуша қаласын шабуылдан көруге болады. АР Қарулы Күштерінің арнайы жасақ жауынгерлері тік тау бөктеріне көтеріліп, қала көшелерінде қоян-қолтық ұрысқа түсіп, жауды үйлерінен қуып шықты. Соғыс кезінде Әзербайжан армиясының қатарында бұйрықтың орындалмауына қатысты бірде-бір әскерден қашу, шегіну, сеніп тапсырылған әскери мүлікті, әскери бөлімді өз еркімен тастап кету сияқты оқиғалар болған жоқ. Сондай-ақ, қайтыс болған Әзербайжан әскерлерінің ата-аналары немесе туыстарының мемлекетке немесе қоғамға балаларының, ағаларының осы соғыста қаза тапқаны туралы наразылық немесе ренішін білдірген бірде-бір

Әзербайжанның жеңіске жетуінде қарулы күштердің арнайы бөлімшелері шешуші рөл атқарды



жағдай орын алған жоқ. 2020 жылдың күзіндегі Қарабақ соғысы Әзербайжандағы армияның, халықтың және мемлекеттің бірлігінің жоғары болуы жеңіске жетудің шешуші факторы болғандығын көрсетті.

Әзербайжандық әскери басшылар интеллектуалдық жағынан да армяндардан бір саты жоғары болды. Мұны дәлелдеу үшін Қарабақтағы армян армиясының әуе шабуылына қарсы қорғанысын қалай әшкерелеп, жойғанын еске түсіру жеткілікті. Ұшқышсыз режимдегі ұрыстардың бірінші немесе екінші күнінде өлшемдері бойынша жойғыш-бомбалаушыларға өте ұқсас, шаруашылық мақсатта қолданылатын улы химикаттарды алқаптарға бүркетін Азаматтық авиацияның бірнеше АН-2 ұшағы әуеге көтерілді. Олардың барлығы армян Әскери әуе қорғаныс жүйелері тарапынан атып түсірілді. Осылайша әзербайжандық ұшқышсыз ұшу аппараттарының барлау және бағыттау бөлімдері жаудың позицияларын тапты. Және көп ұзамай ұшқышсыз ұшу аппараттары немесе зымыран-артиллериямен жойылды. Осылайша соғыстың үшінші күні-ақ Әзербайжан қарулы күштері әуе үстемдігін қамтамасыз етті және

олардың алдағы жеңісін алдын-ала айқындады.

Арменияның 2020 жылдың күзіндегі Қарабақ соғысында жеңіске жету мүмкіндігі болмады. Әзербайжан өзінің халықаралық мойындалған аумағында және жаулап алынған жерлерін азат ету үшін соғыс жүргізді. Сондықтан ол бұл соғыста жеңілмеу керек болатын.

2020 жылғы Қарабақ үшін болған армян-әзербайжан соғысын ХХ ғасырдың соңғы ширегі мен ХХІ ғасырдың бірінші ширегіндегі әлемдік тарихтағы кішігірім аймақтық әскери қақтығыстардың жалпы санынан ерекшелейтін тағы бір әскери-саяси жағы бар. Біріккен Ұлттар ұйымы аясында халықаралық құқық жүйесі құрылғаннан бері, соңғы 75 жыл ішінде алғаш рет Әзербайжан өз қару-жарағының күшімен агрессор мемлекетті БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің бұрын басып алынған аумақтарды босату туралы қарарларын сөзсіз орындауға мәжбүр етті. Ол өздерін жақсы көретін билеушілердің геосаяси шағымдарынан құқық нормаларының үстемдігін айқын көрсететін халықаралық-құқықтық прецедент құрды. Бұл саясаткерлердің қазіргі және болашақ ұрпақтарына маңызды сабақ болды. Ұлт, мемлекет және армия тарихи

Әзербайжан қарулы күштерінің танкі дұшпан шебін атқылауда



әділеттілікті қалпына келтіру жолында біртұтас болған кезде кез-келген сыртқы қауіпке қарсы тұра алады.

Қарабақта Арменияның Қарулы күштер тобын толық жойылып кетуден Оңтүстік Кавказ аймағында өзінің геосаяси мақсаттарын көздеп, атысты тоқтатуға бірнеше рет күш жұмсаған Ресейдің әскери-саяси араласуы құтқарды. 10 қарашада атысты тоқтату кезінде төрттен үш бөлігі қоршалған және Әзербайжан армиясының тұрақты зымыран-артиллериясымен оқ жаудырылған аймақтарда, Агдамда - армян армиясының саны 6-10 мың, Лачин бағытындағы жартылай шеңберде – 3-тен 5 мың адамға дейін, Шуша аумағында - 3-тен 5 мыңға дейін болды. Егер Мәскеудегі 9-10 қарашадағы келіссөздер сәтті болмаса, онда армян әскерлерінің барлығын Әзербайжан әскерлері бірнеше күн ішінде жойып жіберетін еді. Бұл Армения үшін ұлттық апатқа айналатын еді.

Ресей, Әзербайжан және Армения арасындағы 2020 жылғы 10 қарашадағы үшжақты келісім соғысты тоқтатып қана



Әзірбайжанның пилотсыз әуе техникаларын ұтымды қолдануы әскери салаға өзгеріс енгізді

Жеңісті сүйіншілеген Әзербайжандықтар жеңіс тойын тойлауда - 10 қараша 2020 жыл



қоймай, жаңа аймақтық шындықтардағы әскери әрекеттермен белгіленген Таулы Қарабақ қақтығысын соғыстан кейінгі реттеудің негізін салды. Келісім Арменияның 1992-1994 жылдары басып алған Таулы Қарабаққа іргелес жатқан аумақтарын Әзербайжанның юрисдикциясына қайтаруын қарастырады. Келісімге қол қойылған кезде (Агдам, Кельбаджар және Лачин аудандары) Әзербайжан армиясы тарапынан әлі азат етілмеген болатын. Қарабақта армян қарулы күштерін шығарумен қатар ресейлік бітімгерлер тобын енгізу, атысты тоқтатуды бақылау үшін бітімгершілік орталығын құру, әскери тұтқындармен және басқа да ұсталғандар мен өлгендердің денелерімен алмасу, ішкі жер аударылған адамдардың оралуы, Оңтүстік Кавказ аймағындағы барлық экономикалық және көліктік байланыстардың жолын ашу, бұл жолда Әзербайжан Лачин дәлізі бойынша азаматтардың, көлік құралдары мен жүктердің Армениядан Қарабаққа және кері қарай қозғалыс қауіпсіздігіне кепілдік берді, ал Армения Әзербайжан Республикасының батыс аудандары мен метрополиядан армян

аумағының қырық километрмен бөлінген Әзірбайжан эксклавы Нахичеван Автономиялық Республикасы арасындағы көлік қатынасының қауіпсіздігіне кепілдік берді.

2020 жылдың 10 қарашасындағы Қарабақ жөніндегі үшжақты келісім тармақтарының бір бөлігі орындалды, бір бөлігі орындалуда, бір бөлігінің орындалуын армян тарапы елемеуде немесе ресми түрде бұғаттауда. 2021 жылдың 11 қаңтарында Әзербайжан, Армения және Ресей басшылары Таулы Қарабақ төңірегіндегі аймақтағы барлық экономикалық және көліктік байланыстарды ашу бойынша үш елдің вице-премьерлерінің бірлескен төрағалығымен үшжақты жұмыс тобын құру туралы мәлімдемеге қол қойды. 30 қаңтарда Әзербайжанның Агдам ауданы Қиямадденли ауылының жанында Таулы Қарабақ қақтығысы аймағындағы атысты тоқтату және барлық әскери операцияларды бақылау үшін бірлескен ресей-түрік бақылау орталығының ашылуы болды.

15 маусымда Армения Әзербайжан әскерлері тұтқынға алған 15 диверсанттың орнына ресми Бакуге Агдам ауданындағы мина қойылған

Әзербайжан армиясының элитасы – арнайы бөлімше әскерлері Бакудегі Жеңіс шеруінде

алаңдардың карталарын берді. Бұл жерлерде 97 мың мина қойылған, ал егер осы санға аталған аймақтағы соғыс кезіндегі барлық жарылмаған немесе атылмаған оқ-дәрілер қосылса, онда олардың саны екі есе немесе тіпті үш есе өсуі де мүмкін. Таулы Қарабақ айналасындағы армян басқыншыларының бұрынғы «буферлік аймағына» қараған жеті ауданның аймағында 1-ден 2 миллионға дейін жарылғыш заттар болуы мүмкін. Алайда әзербайжан халқы армян басқыншылары қуылғаннан кейін өз жерлерінде қалған қолдан жасалған шөлді жандандыруға бел буды.

Қазірдің өзінде ресми Баку юрисдикциясына оралған Физули, Зангелан және Кельбаджар аудандарында үш халықаралық әуежайдың құрылысын бастады (олардың біріншісінің ұшу-қону жолағы осы күзде сынақтан өтеді) және кең жолақты автожолдар желісі мен теміржолдарды қалпына келтіруден бастап, армян басқыншылары қиратқан қалалардың орнына 200-300 мың тұрғынға арналған қалаларды қайта

салуға дейінгі көптеген инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда. Сонымен қатар стратегиялық маңызы бар Саргсан және Худаверин су қоймаларының гидротехникалық құрылыстары, электр энергетикасы, тау-кен және мұнай-газ өнеркәсібі кәсіпорындары өз күштерімен немесе шетелдік концессияларды тарту есебінен қалпына келтірілуде, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер айналымға енгізіле бастады. Әзербайжанда соғыс күйреткен шаруашылықты қалпына келтіру және инвестициялар тарту үшін Қарабақты жаңғырту мемлекеттік қоры құрылды. Қазір ел басшылығы не істеу керектігін, қандай ресурстар қажет болатындығын, кім серіктес бола алатындығын нақты біледі десек болады. Және жақын уақыттарда өз нәтижесін де береді. Кезекті рет әр әзербайжандықтың жүрегінде үндескен осы сөздің ақиқат екендігі дәлелденуде: ✪

Қарабақ – бұл Әзербайжан!